

**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Ерейментау ауданы білім бөлімі бойынша  
Торғай ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ  
нің 0 «А», 0 «Б» мектепалды даярлық сынып тәрбиешілерінің  
2023 - 2024 оқу жылына жылдық есебі:**

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныпқа 5 жастағы балаларды орыс және қазақ сыныбына қабылдадық. 2023 - 2024 оқу жылында 0 «А» қазақ сыныпқа 5 бала, 0 «Б» орыс сыныбына 6 бала қабылданды. Оның 5 қыз бала және 5 ұл балалар.

Жыл соңында 10 бала оқу - тәрбие іс - әрекетін аяқтады.

**Мектепалды даярлық сыныбының жұмысының міндеттері:**

- Балалардың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту үшін жағдай жасау. Оқушылардың оңтайлы қимыл тәртібін ұйымдастыру арқылы дене шынықтыру – сауықтыру жұмысының тиімділігін көтеру.
- Балалардың сөйлеу тілін дамыту, іс – әрекеттің барлық түрінде байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру арқылы жалғастыру.
- Шығармашылық іс – әрекетінің қоршаған әлемді эстетикалық түрде қабылдауын дамыту.

Ұйымдастырылған оқу қызметінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының негізінде құрылған «Үлгілік оқу» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды.

Жылдың бастапқы кезеңінде балалар бейімделу кезеңінен өтті. Жыл барысында балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді.

Қойылған мақсат, міндеттерді бағдарлама мазмұнына, іс - әрекетті ұйымдастыру түрлеріне, қолданатын әдіс - тәсілдерге сай жүзеге асырамыз.

Топ балаларының барлық сала бойынша «Үлгілік оқу» бағдарламасын игеру деңгейін нәтижелі іс - әрекет параметрлері арқылы анықталған оқу жылының қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында диагностика жүргізілді.

Мүсіндеу, сурет салу, бояу қолдану, қарандашпен жұмыс жасау, жапсыру, ән айтып, би билеп, қысқа тақпақтар жаттадық. Жыл соңында балалар түрлі түсті заттарды топтастыруды біледі, алға, артқа, биік, төмен, қысқа, ұзын, пішіндерді, түстерді, ертегінің кейіпкелерің т. б түсініктерді меңгерді.

Музыка залында балалардың ертегі кейіпкерлері арқылы жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу мақсатында “Бауырсақ” ертегілерінен қуыршақ театры көрсетілді, балалар өте жақсы әсерде болды.

Дене шынықтыру ҰОҚ аптасына 3 рет сабақ кестесіне сай өтті. Серуен уақытында қимылдық ойындар ойнатылып тұрды. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде балалар жүруге және жүгіруге үйренді, бір - біріне соғылып - қағылмай, бір орында екі аяқпен секіруді және алдыға жылжуымен, допты лақтыруды оны сырғанатуды т.б қимылдарды жасауды меңгерді.

Дидактикалық ойындар арқылы баланың ақыл - ойын дамытып, таным түсініктерін кеңейту, басты мақсаттардың бірі болып табылады. Балалар қиялдау арқылы құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен (үстел, орындық, диван, үйшік, трамвай, көпір, төбешік) құрастырды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілеттерін, сөздік қорын дамыту және бір - бірімен қарым - қатынаста болуға баулу мақсатында болды.

Серуен кезінде айналамен таныстыру, өсімдіктерге, дала құстарына зер салып білімдерін жетілдіріп отырдық. Сонымен қатар балалармен еңбек әрекеттері: қыста ойын алаңын қардан тазалау, қыстап қалған құсатрға жем беру, көктем мезгілінде тәрбиешінің көмегімен гүл тұқымдарын егу сияқты жұмыстар жүргізіліп отырды.

Жыл көлемінде тәрбиеші, ата – ана болып, **ертеңгіліктер, тәрбие сағаттары**, өткізілді.

Қазан айында 0 «А», «Б» сыныбында «**Алтын күз**» мерекесі аталып өтілді. Балалар әдемі киімдерін киіп ойын ойнады. Топтың ішін күз тематикасы бойынша безендірдік. Балалар тақпарын айтып, өлендерін айтып би биледі.





Желтоқсан айы мерекеге толы болды. 16- желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай, **“Тәуелсіз Қазақстан”** тақырыбында тәрбие сағатын өткіздік, тұңғыш елбасымызбен, рәміздер, мемлекетіміз туралы таныстырдық.



Жаңа жыл қарсаңында **«Қош келдің Жаңа жыл!»** атты мерекелік ертеңгілік өтті. Жаңа жылдық іс - шараға ұлдар мен қыздар қасқыр, арыстан, аю қоян, түлкі, әртүрлі болып киімімен келіп, аяз аталарына өлеңдерін, тақпақтарын айтып, билерін билеп сыйлық алды. Қонаққа аққала, келді. Балалар аққаланың жоғалған мұрынын табуға көмектесті. 0 «А», 0 «Б» сыныбы.



1 наурыз «Алғыс айту» күніне орай сынып сағаты өткізілді.0 « А», «Б» сынып.



Наурыз айында балабақшамызда 8 – наурыз аналар мерекесіне арналған «Асыл Анам!» атты ертеңгілігіміз өтті. Мақсатымыз: бүлдіршіндерге мерекелік көңіл күй сыйлау, әндер арқылы анаға деген мейірімді сүйіспеншілікті арттыру. Қыздарымыз бен ұлдарымыз мерекеге сай болып киінді. Аналарына арнап, музыка жетекшісімен бірге “Анашым” әнін бар

ынталарымен орындады. 8 - наурыз мерекесіне орай, балалар аналарына арнап «Аналарға сыйлық» атты өз қолдарымен түрлі түсті қағаздармен гүл жасады. 0 «Б» сынып.



0 «А» сынып

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамына «Әз-Наурыз» тақырыбында ертеңгілігіміз өтті. Топ ішін ата – аналар көмегімен, қазақ бұрышы жасалып, наурызға арналған дастархан жайылды. Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет – ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, салт - дәстүріміздің бір түрі тұсау кесу дәстүрін өткіздік. Балалар ән айтты, би – биледі. Тұсар кесер салт дәстүрін жасады. Мереке жоғары деңгейде өтті.



12- сәуір «Ғарышкерлер күні» тақырыбына тәрбие сағаты өтті .





Даярлық сыныпта ата-аналармен бірге осы сияқты көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып отырады. Ата-аналармен бірге тығыз байланыста жұмыс жасаймыз.

**Қортындылай келе,** балалармен жұмыс жасау барысында оқу жылы көлемінде алдымызға қойған мақсатымызға жету үшін бірқатар жұмыстар атқарылды. Балалармен жеке жұмыс жасау, жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін көзделді. Балалардың меңгерген және жеткілікті деңгейде меңгерген білім деңгейлері қорытынды білім деңгейіне сай бағаланды деп ойлаймыз.

**2023 – 2024 оқу жылына қойылған мақсатымыз:**

- Жаңа технологияларды қолдана отырып, баланың болашақта жеке тұлға ретінде қалыптасып, қазіргі заман талабына сай, білімді азамат ретінде қалыптасуына жол ашу.
- Ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру, өмірлік оң көзқарастарға тәрбиелеу.

**Міндетіміз:**

- ҰОҚ – де жаңа технология әдістерін қолдана отырып, баланың білімі мен біліктілігін дамыту. Дарынды, қабілетті балалардың шығармашылығын дамыту арқылы нәтижеге жету.
- Оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

- Баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына қол жеткізу.